

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Zhanibekov
UNIVERSITY 1937

БЕКІТЕМІН

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік
Қазақстан педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы – Ректордың м.а.

Г.Д. Сугирбаева

» 2025ж.



«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің білім беру процесін сапалы
ұйымдастыруда кәсіби құзыреттілігін дамыту»
біліктілік арттыру курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Оқу мерзімі: 2 апта

Жалпы сағат саны: 80

Шымкент 2025 ж.

Бағдарлама «Филология» факультетінің кеңесінде қаралып, Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

Хаттама № 8 « 28 » 03 2025 ж.

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде қаралып, Басқармаға бекітуге ұсынылды.

Хаттама № 9 « 09 » 04 2025 ж.

Білім беру бағдарламасы Басқармада бекітіліп қолданысқа енгізілді.

Хаттама № 4 « 14 » 04 2025 ж.

Келісілген:


Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер
жөніндегі проректоры


А.А.Кудышева

Филология факультетінің деканы


Ж.А.Масалиева

Үздіксіз білім беру орталығының
басшысы


Р.Н.Бегалиева

Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

р/с	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1	Бегалиева Р.Н.	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.	8 702 840 27 00
2	Оразбаева Э.Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доцент м.а., ф.ғ.к.	8 771 406 45 67

Қысқартулар:

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

ТӨЖ – тыңдаушының өзіндік жұмысы

ЕББҚ – ерекше білім беру қажеттілігі

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

ЖИ – жасанды интеллект

«Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімінің білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты жалпы орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда кәсіби құзыреттілігін дамыту» бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) жалпы білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) жалпы орта білім беру стандартында көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін дайындалған.

Тыңдаушылардың педагогикалық қызметін, білім, білік, дағдылар жүйесін жетілдіреді. Бағдарлама мазмұнында жалпы орта білім беру ұйымдарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің біліктілігін арттырудың педагогикалық, психологиялық, аксиологиялық тенденциялары ескерілген.

2. Глоссарий

Оқу бағдарламасы – білім беру ұйымдарының негізгі құжаттарының бірі. Оқу бағдарламасы оқу процесін ұйымдастыру жоспары, пәннің мақсаты мен міндеттері анықталған, оқыту әдістері мен тәсілдері, бағалау формалары бекітілген нормативтік құжат.

Үлгілік оқу бағдарламасы – оқу мақсаттары, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырма түрлері, білім, білік дағдылары, әдіс-тәсілдер көрсетілген құжат.

Үлгілік оқу жоспары – тіл және әдебиет саласы бойынша оқу жүктемесі, оқу пәндерінің мазмұны, күтілетін нәтижелер мен құзыреттіліктер берілген құжат.

Оқытудың белсенді әдістері – жаңа тақырыптарды меңгерту барысында оқушылардың білім мен дағдыларды өз бетінше үйренуге бағыттайтын әдістер. Бұл әдістің ерекшелігі оқушыларды ынталандырады, қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Білім алушының оқу жетістігі деңгейі – білім алушылардың дағдыларын, білім деңгейін көрсететін белгілер жиынтығы.

Білім беру үдерісі – мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім, білік, дағдылары қалыптасқан функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстарының кешенді іс-әрекеттер жүйесі.

Кері байланыс – білім алушының оқу материалын игеру бойынша пікірі, алдағы уақытқа жоспары мен жетістігі туралы ойы.

Ойлау дағдыларының деңгейлері – оқу мақсаттарына жету үшін білу және түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейлері негізінде жеке тұлғаның сыни ойлауын қалыптастыру және оқу нәтижелеріне қол жеткізудің сатылы жүйесі.

Оқу мақсаттарының жүйесі – білім беру бағдарламасында тілдік дағдылар арқылы айқындалған күтілетін нәтижелер. Оқу мақсаттары бағдарламада арнайы кодпен берілген.

Оқыту нәтижелері – оқу үдерісі немесе пәнді оқыту аяқталған кезде білім алушыдан күтілетін нәтиже, яғни білім алушы алған білімінің нәтижесін қалай пайдаланатынының көрсеткіші болып табылады.

Қысқа мерзімді жоспар – сабақтың мақсаты, сабақ кезеңдері, сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері, қолданылатын әдістер мен тәсілдер, ресурстар, бағалау көрсетілген жоспар.

Рефлексия – оқушының өз іс-әрекеттеріне, танымына талдау жасауы болса, мұғалімнің әдіс-тәсілдердің тиімділігін қайта қарауы.

Рубрика – білім деңгейін критерийлерге сәйкес анықтау әдісі.

Түрлі деңгейлік тапсырмалар – білім алушының қабілетіне сай дайындалатын, түрлі деңгейдегі саралап оқытуға арналған тапсырмалар.

Функционалдық сауаттылық – білім алушының алған білімін өз қызметінде, мәдени және әлеуметтік өмірде, қоғамның түрлі салаларында қолдана алуы және өзін-өзі жетілдіріп отыруы.

Оқыту әдістері – білім беру жүйесінде мұғалімнің сабақ мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданатын әдістері, тәсілдері, құралдарының жиынтығы.

Әдістеме – жеке пәндер бойынша оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін анықтайтын, теориялық білім мен практикалық жұмысты байланыстыратын қағидалар жүйесі.

Модельдеу – білім беру жүйесінің жаңа модельдерін құру, ғылыми, танымдық теориялар арқылы олардың модельдерін жасап, нақты жоспарлар құру. Модельдеу қоршаған ортаны біліп-танудың, өзгертудің, басқарудың, ұйымдастырудың жаңа және тиімді әдістері.

Модель – жалпы білім беретін мекемелердегі заман талабына сай өзгеріске түсетін білім беру жүйесі.

Технология – бұл қызмет нысанын өнімге айналдыру процесін білдіретін қызмет нормасы, сонымен қатар түрлендіру әдістері мен құралдары.

Ақпараттық сауаттылық – білім алушылардың түрлі компьютерлік технологиялардан өзіне қажетті ақпараттар мен білімді алу дағдысының болуы.

Әдебиет теориясы – әдебиеттану ғылымының сөз өнерінің табиғатын, оның әдістері мен методологиясын, әдеби процесс, рухани-эстетикалық құндылықтар заңдылықтарын зерттейтін саласы.

Білім беру бағдарламасы – оқу жылында жеке пәндер бойынша берілетін оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен көлемі, пәннің мақсат-міндеттері, білім мен білік дағдылары көрсетілген бағдарлама.

Жасанды интеллект – дәстүрлі түрде адам интеллектіні қажет ететін тапсырмаларды орындай алатын жүйелер мен бағдарламаларды жасауға бағытталған сала.

Интерактивті оқыту – мұғалімнің сабақта түрлі тәсілдерді қолдануы арқылы оқушының танымдық қабілеттері мен тұлғалық қырларын ашуға бағытталған оқыту әдісі, оқушының белсенді әрекеті басты орында болуы.

Құзыреттілік – адамның әр түрлі жағдайларда мәселелерді шешуге қажетті білімін немесе іс-әрекетін көрсету қабілеті, білім мен өмірлік жағдаяттар арасында байланыс орнату қабілеті.

Мәтін лингвистикасы – мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшелігі, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі.

Мультимедиялық құралдар – бұл суреттер, бейнелер және аудио сияқты мультимедиялық мазмұнды құруға, өңдеуге және бөлісуге мүмкіндік беретін бағдарламалар мен қосымшалар.

Сөйлеу мәдениеті – сауатты, дұрыс, әдеби тілмен сөйлеу.

Цифрлық білім беру ресурстары – мәтіндік құжаттар мен цифрлық ресурстардың электронды жинақталған нұсқасы. Мұндай ресурстарды қашықтықтан оқыту процесінде қолдану өте тиімді, сонымен бірге сабақта цифрлық ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік мол.

Цифрлық сауаттылық – сандық технологиялар: компьютерлер, компьютерлік бағдарламалар мен медиа құрылғыларды қолдану дағдысының болуы. Интернет желісінен дұрыс, танымдық ақпараттарды тауып, жұмыс жасай білуі.

Эссе – прозалық мәтін, адамның жеке көзқарасын білдіретін шығармашылық жұмыс.

3. Бағдарлама тақырыптары

1-модуль Білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар	Мұғалімнің кәсіби қызметін ұйымдастыруға қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар
2-модуль Оқу-тәрбие процесінде ұлттық құндылықтар мен педагогика-психологиялық аспектілерді қолдану	Ұлттық құндылықтар арқылы ұлттық тәрбие берудің маңыздылығы. Біртұтас тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие бағдарламасын жасау. Оқу-тәрбие жұмысында оқушылардың жас ерекшеліктерін негізге алу
	Ұлттық құндылықтардың түрлері мен оларды құрметтеуге үйретудің маңыздылығы
	Сыныптағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға педагогика-психологиялық қолдау көрсету
3-модуль Жалпы білім беру мекемелерінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, оқыту мазмұнының сапасын арттыру және оқыту әдістерін түрлендіру	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын қалыптастырушы тапсырмалардың түрлерін қарастыру
	Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тарих пәнінің интеграциясын қолдану
	Ғылыми-зерттеу дағдыларды дамытуға бағытталған эксперимент әдісі және оны алмастыра алатын әдістер.
	Диалогтық оқыту мен топтық жұмыстар, сабақты зерттеуге бағытталған әдістердің білім сапасын арттырудағы рөлі
	Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ЖИ қолданудың тиімділігі
4-модуль Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық технологияларды пайдалану	Қазақ тілі мен әдебиет пәнінде білім алушылардың білімін бағалауда қосымша платформаларды пайдалану тиімділігі
	Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында графикалық органайзерлерді (инфографика, диаграммалар, ақыл-ой карталары т.б.) пайдалану
	Бейне сабақтар, ашық онлайн курстар түсіру жолдары мен оны қолданудың тиімділігі
5-модуль Мұғалімнің зерттеушілік дағдыларын дамыту және оның нәтижелерін қолдану	Қазақ тіл білімі мен әдебиет теориясындағы жаңа бағыттар
	Педагогтің зерттеу дағдыларын қалыптастыру, әріптестерімен тәжірибе алмасу, зерттеу жобаларын жүзеге асыру және нәтижесін жариялау

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: сапалы білім беруді қамтамасыз етуде теориялық білім мен практикалық дағдылардың байланысы негізінде тіл мен әдебиет пәндерінің мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- мұғалімнің кәсіптік қызметін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттарымен таныстыру және маңыздылығын түсіндіру;

- сыныптағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды анықтау және оларға педагогика-психологиялық қолдау көрсету жолдары;

- білім беру сапасын арттыру үшін оқыту әдістері мен оқыту мазмұнын байланыстырудың жанашыл белсенді әдіс-тәсілдерімен таныстыру;

- цифрлық технологияларды сабақ мазмұнын түсіндіруде, бекітуде, бағалауда, алдыңғы білімді еске түсіруде қолдануды күнделікті сабақ жоспарлауға енгізу;

- мұғалімдердің өз кәсібінде қолданылатын әдіс-тәсілдерді көпшілікке ұсынуды демонстрациялау;

- қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту үдерісін құндылық бағдарлы ұйымдастыруда орта білім беру жүйесі мұғалімдерінің білімін жаңартып, жаңғырту және кәсіби шеберлігін арттыру;

- мұғалімдерді заманауи цифрлық құралдар мен технологияларға оқыту, оқыту мен білім беру үшін цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану дағдыларын дамыту.

Курс тыңдаушыларының кәсіби құзыреттілігін арттыруға арналған бағдарлама мазмұнын талдау.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) түсіндіреді:

- педагогтің қызметін реттейтін нормативтік құжаттардың маңыздылығын;

- қазақ тілі мен әдебиет сабақтарының оқу бағдарламалары, оқу бағдарламасы негізінде жасалған орта және қысқа мерзімді жоспарлардың құрылымдық ерекшеліктерін;

- жалпы орта мектепте білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар түрлері мен оларды құрастыру жолдарын;

- ұлттық құндылықтарды сабақ мазмұнына кіріктіруді;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда цифрлық технологиялардың маңыздылығын.

2) қолдана алады:

- қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тарих пәнінің интеграциясын қолдануды жүзеге асыру;

- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмаларды құрастыру;

- сыныптағы ЕББҚ бар баланы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастырып, қажетті жаттығуларды;
- топтық, ұжымдық тапсырмаларды, сұрақ-жауаптар, жаттығуларды, зерттеушілік құзыреттерді қалыптастыруға арналған әдістер мен тәсілдерді;
- бейне сабақтар мен ашық онлайн курстар жасау жолдарын;
- оқушыларды бағалау кезінде түрлі бағдарламалар мен әдістерді қолдануды.

3) бағалайды:

- тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда білім алушылардың жас және жеке ерекшелігінің маңыздылығын;
- пәнді оқыту арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды, пәнді оқытудың сапасын жоғарылату үшін оқытудың мазмұны мен әдістерін түрлендіруді;
- пәнді оқыту арқылы білім алушылардың ақпараттық-технологияларды пайдалануы мен зерттеушілік құзыреттерін қалыптастыруды.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама жалпы 5 модуль бойынша құрылған:

1. Білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар.
2. Оқу-тәрбие процесінде ұлттық құндылықтар мен педагогика-психологиялық аспектілерді қолдану.
3. Жалпы білім беру мекемелерінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, оқыту мазмұнының сапасын арттыру және оқыту әдістерін түрлендіру.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық технологияларды пайдалану.
5. Мұғалімнің зерттеушілік дағдыларын дамыту және оның нәтижелерін қолдану.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсы:

1) Курс бағдарламаның 1-қосымшасында берілген оқу-тақырыптық жоспар (бұдан әрі – ОТЖ) бойынша өтіледі. Курстың оқу мерзімі 80 сағатты құрайды.

2) Оқытудың күндізгі және қашықтықтан оқыту формасында курсқа қатысушылардың білімі бейне сабақтар және шағын сабақты қорғау арқылы ұйымдастырылады. Курсқа қатысушылар бейнесабақ пен шағын сабақ тақырыбын оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес еркін таңдай алады.

Курс қашықтықтан оқыту Zoom платформасында жүргізіледі. Курс сабақтарында белсенді оқыту әдістері қолданылады: лекциялық, семинар, практикалық сабақтар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, презентациялар

қорғау, вебинарлар, аралас оқыту форматындағы сабақтар, кеңес беру және тест тапсыру.

Курс тыңдаушыларының кәсіби құзыреттіліктерін анықтау үшін игерілген бағдарлама мазмұны бойынша бағалау критерийлері мен оқу жоспарын дайындайды.

7. Курс бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

1-модуль. «Білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар»

Модульдің құрылымы:

Жалпы – 4 сағат, оның ішінде 2 сағат лекция, 2 сағат практикалық сабақ.

Модульдің мақсаты: мұғалімнің кәсіби қызметін реттейтін құқықтық-нормативтік құжаттарды түсіндіру және талқылау.

Модульдің міндеттері:

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын талдау;

- білім беру жүйесінде қолданылатын құқықтық-нормативтік заңдар мен актілердің мақсат-міндеттерін, талаптарын қарастыру;

- қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің оқу бағдарламасына сәйкес жасалған орта және қысқа мерзімді жоспарлардың құрылымдық ерекшеліктерін көрсету;

- қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар құрылымының ерекшеліктерін анықтау;

- білім беру жүйесін дамытуға арналған стратегиялық жоспарларда бекітілген маңызды мәселелермен таныстыру;

- жалпы білім беретін мекемелердің қызметкерлері үшін маңызды құжаттарды талдау.

Күтілетін нәтиже:

- елімізде білім сапасын арттыруға арналған құқықтық-нормативтік құжаттардың маңыздылығын түсінеді;

- жалпы орта білім берудің сапасын арттыруға арналған стратегиялық даму жоспарының тиімділігін қарастырады;

- орта білім беретін мектептерде оқытылатын тіл мен әдебиет сабақтарының оқу бағдарламалары және қолданылатын оқу жоспарларының құрылым ерекшеліктерін анықтайды.

Модульдің қысқаша мазмұны:

Нормативтік-құқықтық құжаттар мұғалімдердің кәсіби қызметін реттейтін заңдарды, нормативтік актілер мен ережелерді қамтиды: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007ж.); Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқу бағдарламалары; Педагог мәртебесі туралы Заң (2019); ҚР Еңбек кодексі (2015ж.); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

Білім беру үдерісіндегі маңызды нормативтік құжаттарға оқу бағдарламасы жатады. Мұғалім оқу бағдарламасын негізге ала отырып сабақты жоспарлайды, ұйымдастырады. Бағдарламаларда мақсаттар мен міндеттер, оқыту әдістері мен тәсілдері, бағалау жүйесі, оқытуда қолданылатын белсенді әдістерді көрсету.

Ұстаздардың құқығын қорғау мен мәртебесін арттыруға арналған «Педагог мәртебесі» туралы Заңның маңызы мен ережелерін талқылау және мұғалім өз кәсіби қызметінде нені білуі керек, нені басшылыққа алу керек деген мәселелерді қарастыру.

Келесі маңызды құжат оқу жоспары болып саналады. Оқу жоспарының негізінде жасалған орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды талдау. Бағалау жүйесі бойынша критерийлер мен дескрипторлардың бір-бірімен байланысын, ерекшелігін, бағалаудың түрлерін және олардың орны мен маңыздылығын түсіну.

2-модуль. «Оқу-тәрбие процесінде ұлттық құндылықтар мен педагогика-психологиялық аспектілерді қолдану»

Модульдің құрылымы:

Жалпы 8 сағат, оның ішінде 2 сағат лекция, 2 сағат семинар сабақ, 2 сағат практикалық сабақ, 2 сағат тренинг.

Модульдің мақсаты: ұлттық құндылықтар арқылы оқыту мен балаларға педагогика-психологиялық қолдау көрсетудің маңыздылығын көрсету.

Модульдің міндеттері:

- оқу-тәрбие процесіне енгізілген «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының қажеттілігін талқылау;
- білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай тәрбие жұмысының жоспарын жасау;
- ұлттық құндылықтарды сабақ жоспарларына ендіріп, оқушының түсінгендігін анықтайтын тапсырмалар құру;
- әлеуметтік, ақпараттық-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлерін анықтау;
- ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың табысты оқуы үшін педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.

Күтілетін нәтиже:

- тәрбиеге бағытталған бағдарламаны сипаттайды;
- сабақ жоспарына ұлттық құндылықтар туралы тақырыптарды кіріктіре алады;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларға педагогика-психологиялық қолдау көрсетеді және оларға арналған тапсырмалар құрайды.

Модульдің қысқаша мазмұны:

Білім алушының жеке тұлғалық, әлеуметтік, танымдық дағдыларын дамыту. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында білім алушылардың жас ерекшеліктері мен жеке тұлға ретіндегі орны, қоршаған ортаға қызығушылықтары мен білім алуға деген ынталарын ескеру мен сыни ойлау қабілеттерін дамытудың маңыздылығын қарастыру.

Білім алушылардың психологиялық жағдайы мен танымдық процестерін зерттеуде түрлі психологиялық тест алу арқылы олардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін анықтау.

Білім алушыларға оқу материалдарын меңгертудің тиімді әдістері мен тәсілдерін айқындау.

«Бұртұтас тәрбие» бағдарламасында ұсынылған құндылықтардың маңыздылығын талқылау, пәнді оқыту жоспарына ендіру, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнап тапсырмалар әзірлеу.

Ұстаздардың білімін бағалауда ескеретін психологиялық-педагогикалық аспектілері жайлы теориялық ақпараттармен таныстырылып, тренингтер жүргізіледі.

Тыңдаушылардың психологиялық ахуалын анықтау және қолдау көрсету үшін жеке сауалнамалар алынып, оның нәтижесінде жеке қолдаулар жүргізіледі.

3-модуль. «Жалпы білім беру мекемелерінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, оқыту мазмұнының сапасын арттыру және оқыту әдістерін түрлендіру»

Модульдің құрылымы:

Жалпы 52 сағат, оның ішінде 8 сағат лекция, 14 сағат семинар сабақ, 20 сағат практикалық сағат, 10 сағат тренинг.

Модульдің мақсаты: білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен білім сапасын арттырудың тиімді әдіс-тәсілдерін және оларды жетілдірудің жолдарын анықтау.

Модульдің міндеттері:

- оқу бағдарламасында бекітілген білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі қағидаларын талдау;
- оқыту мазмұнына ендірілген өмір бойы білім алу және кәсіби дағдыларды қалыптастыру жолдарын талқылау;
- оқытудың белсенді әдістерін қолдану мен жетілдірудің маңыздылығын анықтау;
- жаңа педагогикалық технологиялар арқылы білім сапасын арттырудың әдіс-тәсілдерін қарастыру;
- білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру;
- қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінің интеграциясы;
- оқыту мазмұнын жаңартуда сабақта ЖИ қолдану.

Күтілетін нәтиже:

- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдарын қарастырады;

- білім алушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алу дағдысын қалыптастырады;
- оқытудың белсенді әдістерін қолдана алады;
- оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы білім сапасын арттырады;
- цифрлық құралдарын, сыни ойлау технологиясын, коммуникациялық дағдыларды қолдану арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра алады;
- сабақта ЖИ қолданудың тиімділігін анықтайды.

Модульдің қысқаша мазмұны:

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру білім беру жүйесіндегі ең маңызды мәселе. Оқу процесінде белсенді әдістер мен оқытудың жаңа құралдарын пайдалану. Оқытудың мазмұнының құндылыққа негізделуі. Білім беру жүйесіндегі педагогикалық және инновациялық технологиялардың маңыздылығы мен оларды қолданудың тиімділігі. Білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру мен дамыту жолдары. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында интерактивті оқытудың түрлері мен әдістері. Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих сабақтарының пәнаралық байланысы. ЖИ құралдарының тілді үйрену мен көркем әдебиет оқуға қызығушылығын арттыруы. Жасанды интеллект қолдану білім алушылардың өздігінен білім алуына мүмкіндік жасайды.

4-модуль. «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық технологияларды пайдалану»

Модульдің құрылымы:

Жалпы 8 сағат, оның ішінде 2 сағат практикалық сабақ, 4 сағат тренинг, 2 сағат дөңгелек үстел.

Модульдің мақсаты: сандық технологияларды сабақ мазмұнын түсіндіруде, бекітуде, бағалауда, алдыңғы білімді еске түсіруде қолдануды күнделікті сабақ жоспарлауға енгізу.

Модульдің міндеттері:

- қазақ тілі мен әдебиет пәнінде білім алушылардың білімін бағалауда қосымша платформаларды пайдаланудың тиімділігі анықтау;
- қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында графикалық органайзерлерді (инфографика, диаграммалар, ақыл-ой карталары т.б) пайдалану;
- бейнесабақтар мен онлайн курстарды құрастыру және түсіру жолдарын қарастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- интернет-платформаларды білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін қолданудың қажеттілігін түсіндіре алады;
- күнделікті сабақта сандық технологияларды қолданады;
- сабақ барысында түрлі бағдарламалар мен мобильді қосымшаларды пайдаланады;
- пәнді оқытуға арналған электронды оқу құралдары мен білім беру порталдарымен жұмыс жасайды;

- курс тыңдаушысы шағын сабақтың таныстырылымын жасайды және оны қорғайды.

Модульдің қысқаша мазмұны:

Мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижесі білім алушылардың білім сапасын, тұлғалық ерекшеліктері мен танымдық дағдыларын көрсетеді. Мұғалімнің әріптестерімен, ата-аналармен қарым-қатынасы маңызды нәтижелердің бірі. Педагогтің кәсіби дамуы жаңа әдістер мен технологияларды қолдануынан көрінеді.

Педагогтің зерттеу дағдылары оқу процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Педагогтер өз тәжірибесін әріптестерімен бөлісу арқылы білім сапасын арттырып, тұлғалық дамуына ықпал жасайды.

Мектепте жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы мына кезеңдерден тұрады: зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін, әдістерін анықтау, кеңес беру, зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау. Зерттеу барысында алынған мәліметтің, жұмыстың, тақырыптың өзектілігін, жаңалығын дәлелдейді.

Оқу-тақырыптық жоспар:

Курстың күндізгі және кешкі кезеңдерден оқыту форматындағы оқу-тақырыптық жоспары

	Тақырыбы	Дәріс	семинар	Практикалық жұмыс	Тренинг	Дөңгелек үстел	Шағын-сабақ таныстырылым	Тестілеу	Барлығы
1	1-модуль. Білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар	2		2					4
1.1	Мұғалімнің кәсіби қызметін ұйымдастыруға қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар	1		1					2
1.2	Мұғалімнің кәсіби қызметін ұйымдастыруға қажетті нормативтік-құқықтық құжаттар	1		1					2
2	2-модуль. Оқу-тәрбие процесінде ұлттық құндылықтар мен педагогика-психологиялық	2	2	2	2				8

	аспектілерді қолдану							
2.1	Ұлттық құндылықтар арқылы ұлттық тәрбие берудің маңыздылығы. Біртұтас тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие бағдарламасын жасау. Оқу-тәрбие жұмысында оқушылардың жас ерекшеліктерін негізге алу	2						2
2.2	Ұлттық құндылықтардың түрлері мен оларды құрметтеуге үйретудің маңыздылығы			2	2			4
2.3	Сыныптағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға педагогика-психологиялық қолдау көрсету		2					2
3	3-модуль. Жалпы білім беру мекемелерінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, оқыту мазмұнының сапасын арттыру және оқыту әдістерін түрлендіру	8	14	20	10			52
3.1	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын қалыптастырушы тапсырмалардың түрлерін қарастыру.	2	4		4			10
3.2	Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тарих пәнінің интеграциясын қолдану.	2	4	4				10
3.3	Ғылыми-зерттеу дағдыларды дамытуға бағытталған эксперимент әдісі және оны алмастыра алатын әдістер.		2	4	2			8
3.4	Диалогтық оқыту мен	2		4	4			10

	топтық жұмыстар, сабақты зерттеуге бағытталған әдістердің білім сапасын арттырудағы рөлі.								
3.5	Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда саралудың әдіснамалық негіздері		2	4				6	
3.6	Қазақ тілі мен әдебиетті оқытуда тілдік дағдыларды меңгерудің рөлі	2	2	4				8	
4	4-модуль. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық технологияларды пайдалану			2	4	2		8	
4.1	Қазақ тілі мен әдебиет пәнінде білім алушыларды білімін бағалауда қосымша платформаларды пайдалану тиімділігі.				2	2		4	
4.2	Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында графикалық органайзерлерді (инфографика, диаграммалар, ақыл-ой карталары т.б) пайдалану				2			2	
4.3	Бейнесабақтар мен онлайн курстарды құрастыру және түсіру жолдары			2				2	
5	5-модуль. Мұғалімнің зерттеушілік дағдыларын дамыту және оның нәтижелерін қолдану				2		4	2	8
5.1	Қазақ тіл білімі мен әдебиет теориясындағы жаңа бағыттар				2				2
5.2	Педагогтің зерттеу дағдыларын қалыптастыру, әріптестерімен тәжірибе алмасу, зерттеу жобаларын жүзеге асыру және нәтижесін жариялау						4	2	6
Барлығы:		12	16	26	18	2	4	2	80

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

ЕСКЕРТУ: 1 академиялық сағат – 45 минут

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Шағын сабақты қорғауға қойылатын талаптар:

Мақсаты – оқу пәнінің бағдарламасы бойынша педагогикалық-психологиялық әдістеме негіздерін, критериалды бағалау жүйесін түсініп, оны пайдалану.

1. Шағын сабақтың оқу бағдарламасына сай таңдалған болуы:
 - шағын сабақтың мақсатының оқу мақсатымен сай келуі;
 - сабақтың мақсаты пәннің мазмұндық ерекшелігін көрсетуі;
 - сабақ мақсаты SMART түрінде құрастырылған болуы.
 2. Білім алушылардың оқу нәтижесін анықтау үшін қалыптастырушы бағалауды жүргізу:
 - тақырыпқа сәйкес оқытудың белсенді әдістерін қолдану;
 - сабаққа қызығушылықты арттыру мақсатында сандық технологияларды пайдалану,
 3. Саралап оқытуды қолдану:
 - оқушылардың жеке қабілеттеріне сай деңгейлік тапсырмалар әзірлеу;
 - шағын сабақта жеке тапсырма, дереккөздермен жұмыс, тест тапсырмалары секілді саралау тапсырмаларын беру.
 4. Бағалау критерийлері (әр критерий бойынша ең жоғарғы балл – 3 балл)
 - 0- дәлелдемелері жоқ;
 - 1-дәлелдемелері орта;
 - 2-дәлелдемелері жақсы;
 - 3-дәлелдемелері өте жақсы,
- Қорғауға берілетін уақыт регламенті 5-7 минут

Шағын сабақты қорғаудың бағалау өлшемдері

№	Бағалау критерийлері	Балл
1	Шағын сабақтың мақсаты оқу мақсатымен сай, сабақтың мақсаты пәннің мазмұндық ерекшелігін көрсетеді, сабақ мақсаты SMART түрінде құрастырылған	
2	Тақырыпқа сәйкес оқытудың белсенді әдістерін қолданады	
3	Сабаққа қызығушылықты арттыру мақсатында сандық технологияларды пайдаланады	
4	Саралау тәсілдерін қолдануы оқушыны қолдауға	

	бағытталады.	
5	Таңдалған ресурстар нақты көрсетілген (бейнебаян сілтемесі, қосымша платформа сілтемесі, оқулықтың беттері).	
6	Айтылымның қол жетімділігі мен қисындылығы.	
7	Тайм-менеджменттің тиімді сақталуы.	

Курс тыңдаушыларының шағын сабақты қорғауы «5» балдық жүйемен есептеледі.

1. «5» -өте жақсы, 19-21 балл;
2. «4»-жақсы, 15-18 балл;
3. «3»-орта, 11-14 балл.

Қорытынды тест

Курс соңында тыңдаушылар тақырыптарды меңгеру деңгейін анықтау үшін онлайн Google қосымшасының Новая форма форматында 25 сұрақтан тұратын тест тапсырады. Әр сұрақ 1 баллмен есептеледі. 15 баллдан жоғары жинаған тыңдаушыларға сертификат беріледі.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Тыңдаушыларға қолдау көрсету электрондық почта, Zoom, telegram, WhatsApp желілері арқылы жүргізіледі.


Мектеп мұғалімдерінің кәсіби тұрғыдан өсуінде, білімдерін жетілдіруде әдістемелік-ғылыми тұрғыдан кеңес беру жүзеге асырылады. Сонымен бірге курс тренерлері мүмкіндігінше мектеп мұғалімдерінің келісімімен сабақтарына қатысып, талдау жасай алады. Сабаққа қатысу барысында мына мәселелерге назар аударылады: курс кезінде алған теориялық білімді практикада қолдана алуы, сабағын жаңа технологиялар мен белсенді оқыту әдістері арқылы өтуі. Мектеп мұғалімдерімен кері байланыс орнатылып, әдістемелік қолдау көрсетіледі.

Курс тыңдаушыларына семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер ұйымдастыру арқылы қолдау көрсетіледі.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жыл 27 шілде
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы. 2002 жыл 8 тамыз <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
3. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. 2019 жыл 27 желтоқсан <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
4. ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» туралы Қаулысы. 2023 жыл 28 наурыз
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
5. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жыл 23 қыркүйектегі №78 бұйрығы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029835#z3>
6. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Әдістемелік нұсқау хат. Астана, 2024
7. Жапбаров А. Оқытудың жалпы әдістемесі: оқыту қалыптары мен сабақ. – Алматы. 2022. –224 б.
8. Жапбаров А., Рахымбек Д., Жұмабаева Ә.Е. Оқытудың жалпы әдістемесі. оқушылардың ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту. – Алматы, 2022. –292б.
9. Жапбаров А., Рахымбек Д., Жұмабаева Ә.Е. Оқытудың жалпы әдістемесі. оқытудың мазмұны мен көлемі. – Алматы, 2022. –244б.
10. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы. 2013. –448 б.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
меңгерушісі



Д.Н.Байғұтова